

Білім беруді, денсаулық сақтауды
сапамен қамсыздандыру
және аккредиттеудің еуразиялық орталығының
Аккредиттеу кеңесіне
10.01.2022 ж.

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
КӘСІПОРНЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДЕРДІ АККРЕДИТТЕУ
СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ БАҒАЛАУ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША СЫРТҚЫ САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ
ЕСЕБІ**

сыртқы сараптамалық бағалау кезеңі: 2021 жылғы 22-24 желтоқсан

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

	Белгілеулер мен қысқартулар тізімі	2
1.	Сыртқы сараптама комиссиясының құрамы	3
2.	Қорытынды есептің жалпы бөлімі	4
2.1	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК таныстыру	4
2.2	Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер	6
2.3	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің медициналық колледждерді институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне рецензиялау нәтижелері бойынша қорытынды және тұжырымдар	7
3.	Сыртқы сараптамалық бағалаудың сипаттамасы және қорытындысы	9
4.	Оқытушылар мен студенттердің сауалнамасының нәтижелері	16
5.	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК сыртқы бағалау қорытындысы бойынша аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау	19
6.	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК институционалдық жетілдіру бойынша ұсыныстар	29
7.	Аккредиттеу кеңесіне ұсыныс	30
	1-қосымша. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК сапасының институционалдық бейіні және сыртқы бағалау критерийлері	31
	2-қосымша. Сыртқы сараптамалық бағалау жүргізу шеңберінде зерделенген құжаттардың тізімі	32
	3-қосымша. Ұйымға бару бағдарламасы	33

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Аббревиатура	Белгілеу
ААЖ	автоматтандырылған ақпараттық жүйе
ӘБП	әкімшілік-басқару персоналы
НҚ	негізгі құзыреттер
ЖОО	жоғары оқу орны
ЖМК	жоғары медициналық колледж
ССК	сыртқы сараптама комиссиясы
МЖМБС	мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ШЖҚ МКК	шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
ҚА	қорытынды аттестаттау
БАИ	біліктілікті арттыру институты
КОТ	Кредиттік оқыту технологиясы
ҚР ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
МК	медициналық колледждер
МУ	медициналық ұйымдар
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
МТБ	материалдық-техникалық база
ҮКБ	үздіксіз кәсіби даму
ҰБШ	Ұлттық біліктілік шеңбері
ҰМБ	үздіксіз медициналық білім
ҰТЕО	Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы
ОҚКЕ	объективті құрылымдық клиникалық емтихан
БББ	білім беру бағдарламасы
БАБ	біліктілікті арттыру бөлімі
ҚБ	қолданбалы бакалавриат
КҚ	кәсіби құзыреттер
ПОҚ	профессор-оқытушылар құрамы
АМСК	алғашқы медициналық-санитарлық көмек
ӨО	өндірістік оқыту
ЖОЖ	жұмыс оқу жоспарлары
ЖОБ	жұмыс оқу бағдарламалары
СМЖ	сапа менеджменті жүйесі
ТжКОББ	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім
ТОЖ	типтік оқу жоспарлары
ТОБ	типтік оқу бағдарламалары
СҒЗЖ	студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы
ОТЖ	оқу-тәрбие жұмысы
ОӨЖ	оқу-өндірістік жұмыс
ОӘК	оқу-әдістемелік кешен
ОӘБ	оқу-әдістемелік бірлестік
ҚДСБ	Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы
ББ	Білім басқармасы
ОӨП	оқу-өндірістік практика
ЦӘК	циклдік әдістемелік комиссия
ББЖО	Білім беруді жаңғырту орталығы

1. Сыртқы Сараптама Комиссиясының Құрамы

АЕО-ның 2021 жылғы 08 желтоқсандағы №33 бұйрығына сәйкес 2021 жылғы 22-24 желтоқсан аралығында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі»

МКК институционалдық аккредиттеуді өткізу жөніндегі сыртқы сараптау комиссиясы (бұдан әрі-ССК) мынадай құрамда қалыптастырылды:

№ р/ с	ССК құрамындағы мәртебе	Толық ТАӘ	Регалия, лауазымы, жұмыс орны/оқу орны, курсы, мамандығы
1	Төраға	СИТКАЗИНОВА ГУЛЬНАРА КИНЖИТАЕВНА	«Павлодар медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ КМК директорының кадр жұмысы және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, жоғары санатты аллерголог дәрігер
2	Шетелдік сарапшы	ОЛЕЙНИКОВА ТАТЬЯНА АНАТОЛЬЕВНА	фармацевтика ғылымдарының кандидаты, Оқу-әдістемелік басқарманың білім сапасы менеджменті бөлімінің бастығы, «Курск мемлекеттік медицина университеті» БЭФ кафедрасының доценті
3	Қазақстандық академиялық сарапшы	МУКАНОВА ДИНАРА АДЛЕТОВНА	медицина ғылымдарының кандидаты, доцент, жоғары білікті санатты дәрігер-терапевт «Семей медицина университеті» КЕАҚ симуляциялық технологиялар кафедрасының меңгерушісі, «Медицинадағы симуляциялық оқытудың ресей қоғамы» ЖШҚ мүшесі (Ресей)
4	Қазақстандық академиялық сарапшы	ТОКБЕРГЕНОВА ГУЛЬМИРА ТЕЛЬМАНОВНА	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Интердент» жоғары медициналық колледжі» ЖШС директоры
5	Қазақстандық академиялық сарапшы	КУМАРОВА АЛТЫНАЙ БАЛТАБАЕВНА	ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
6	Қазақстандық академиялық сарапшы	АМАНОВА ЭЛЬМИРА ГАЗИЗОВНА	«Республикалық жоғары медициналық колледж» ЖШС» мейіргер ісінің қолданбалы бакалавриаты» кафедрасының меңгерушісі
7	Қазақстандық академиялық сарапшы	ИТЕСОВА ЛЯЗАТ МУХАМБЕДБАДЕКОВНА	Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай жоғары медициналық колледжі» КМК арнайы пәндер оқытушысы
8	Жұмыс берушілердің өкілі	ОРЫНБАСАРОВ АБЗАЛ БАЙЫРБЕКОВИЧ	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№ 7 қалалық емхана» МКК медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі директордың орынбасары
9	Студенттердің өкілі	ШИРГАТОВА ЗАРИНА АЙБАТОВНА	«Зоя Ғалымқызы Мырзағұлова атындағы «ДАНАЛЫҚ» жоғары медициналық колледжі» БМ «Емдеу ісі (фельдшер)» мамандығы бойынша 4 курс студенті

АЕО бақылаушысы - Умарова Макпал Альдибековна, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің басшысы.

ССК жұмысы ССК туралы ережеге сәйкес жүргізілді (АЕО бас директорының 2017 жылғы «13» ақпандағы № 4 бұйрығы).

ССК есебі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК медициналық колледждерді институционалдық аккредиттеу стандарттарына (бұдан әрі – аккредиттеу стандарттары) сәйкестігіне бағалаудан және негізгі қызмет түрлерінің институционалдық сапасын қамтамасыз ету бойынша ССК қорытындыларынан, ұсынымдарынан және АЕО Аккредиттеу кеңесі үшін ұсынымдардан тұрады.

2. Қорытынды есептің жалпы бөлімі

2.1 Нұр-Сұлтан қ. әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК таныстыру

Ұйымның атауы, меншіктің заңды нысаны, БСН	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК Мемлекеттік 990640001589
Басқару органы	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі
Толық бірінші басшының ТАӘ	Саржанова Акбала Нурсеитовна Директор, медицина ғылымдарының кандидаты
Құрылған күні	1935 жыл
Орналасқан жері және байланыс деректері	Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, 16 Телефон: 8 (717) 233 15 67 Электрондық мекенжайы: Lrc_colleg@mail.ru Ресми веб-сайт: www.hmc-astana.kz
Білім беру қызметіне мемлекеттік лицензия (күні, нөмірі)	06.11.2019 ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Нұр-Сұлтан қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті берген білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензия № KZ01LAA00017352
Филиалдар, еншілес ұйымдар туралы мәліметтер (егер бар болса)	Аймақтық симуляциялық орталығы
Колледж құрылған күннен бастап және соңғы бес жылдағы білім беру бағдарламаларының жалпы саны	9 білім беру бағдарламасы: - 09120100 «Емдеу ісі» (біліктілігі: фельдшер) ; - 09130100 «Мейіргер ісі» (біліктілігі: мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры); - 09130100 «Мейіргер ісі» (біліктілігі: жалпы практика мейіргері, кіші мейіргер, массажист); - 09130200 «Акушерлік іс»(біліктілігі: акушер); - 09140100 «Зертханалық диагностика» (біліктілігі: медициналық зертханашы); - 09110100 «Стоматология» (біліктілігі: стоматологиялық гигиенист, стоматолог, стоматолог дәрігердің көмегішісі); - 09110200 «Ортопедиялық стоматология» (біліктілігі: тіс технигі); - 09160100 «Фармация» (біліктілігі: фармацевт); -09880100 «Гигиена және эпидемиология» (біліктілігі: гигиенист-эпидемиолог)..
Ағымдағы оқу жылының	1131 студент

басындағы студенттер контингенті	
Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші (орташа), %	Жұмысқа орналастыру-91,3%
Штаттық оқытушылар/ қосымша істеуші қызметкерлер, оның ішінде % дәрежелілік	89 штаттық оқытушылар 3 қосымша жұмыс істеуші қызметкерлер медицина ғылымдарының кандидаттары-2 (2,25%) магистрлер-10 (11,2%)

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Колледж) - Қазақстан Республикасының орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау жөніндегі жетекші көне оқу орындарының бірі. 1935 жылы Ақмола мейіргерлік мектебі ретінде құрылған. Мектеп мейіргерлердің алғашқы бітіруін 1938 жылы жүзеге асырды.

1994 жылы мекеме медициналық колледж мәртебесін алды. Ақмола облысы әкімінің 29.01.1999 ж. № 68 шешімімен «Денсаулық сақтау мекемелерін коммуналдық қазыналық кәсіпорындарға айналдыру туралы» медициналық колледж базасында жедел басқару құқығымен Астана қаласының «Медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны құрылды. 2008 жылы Колледж Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасының «Медициналық колледжі» МКҚК болып, 2013 жылы Астана қаласы әкімдігінің «Медициналық колледжі» МКҚК болып өзгертілді, Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 106-1469 қаулысына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің «Медицина колледжі» МКҚК Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ МКК болып өзгертілді. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 01.10.2019 жылғы №106-1322 қаулысымен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ МКК болып өзгертілді.

86 жыл бойы білім беру қызметінде Колледж 84 бітіруді жүзеге асырды-бұл 20 000-нан астам орта медицина қызметкері.

Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК – Қазақстан Республикасы астанасының материалдық жағынан дамыған заманауи білім беру ұйымы. Жоғары және бірінші біліктілік санаттары – 36 (40,4%), педагог-зерттеушілер – 3 (3,37%), педагог-сарапшылар - 1 (1,13%), педагог-модераторлар - 1 (1,13%), екінші санатты қызметкерлер - 13 (14,6%) құрайды. Магистрлер саны 10, бұл 11,2% құрайды.

Мейіргерлік білімі (қолданбалы, академиялық бакалавриат және/немесе магистратура) бар мейіргер ісі оқытушыларының саны - 19 адам. Мейіргерлік білімі бар мейіргер ісі оқытушыларының үлесі-21,3%. Бүгінгі таңда жалпы санаттылық – 71,9%, бірінші, жоғары санаттағы қызметкерлер және магистрлердің үлесі – 56,1% құрайды.

Колледжде әлеуметтік серіктестермен тығыз байланыс және тығыз ынтымақтастық қалыптасқан. Орта медициналық (фармацевтикалық) білімі бар мамандарды даярлау сапасын жетілдіру және оларды оқыту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының 28 медициналық ұйымымен (бұдан әрі - МҰ) ынтымақтастық туралы меморандумдар, екі және үшжақты шарттар жасалды.

2016 жылғы 2 қыркүйекте JAMK және LAMK (Финляндия) қолданбалы ғылымдар университеттерімен Денсаулық сақтау және мейіргер ісін дамыту бағытында ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестік бойынша келісім-шартқа және 3 жақты өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. 2017 жылы «Свердлов облыстық медициналық колледжі» мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесімен (Екатеринбург, Ресей) Халықаралық ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.

Мейіргерлік білім беру мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық шеңберінде Финляндиядан келген мамандардың оқытушылар үшін педагогикалық әлеуетін келесі бағыттар бойынша арттыру жүзеге асырылды: «Мейіргер ісіндегі дәлелді мейіргерлік практика мен зерттеулердің негіздеріне кіріспе», «Жүрек жеткіліксіздігі», «WorldSkills стандарттары бойынша өңірлік чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі аспектілері», «Қазіргі мейіргерлік білім берудегі теориядан практикаға дейін» тақырыбында «мейіргерлік

клиникалық нұсқаулықтар бойынша жаттықтырушыларды оқыту», «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқыту нәтижелерін бағалаудың негізгі компоненттері», «Оқу процесіне IT технологияларды енгізу», «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша» тақырыптары бойынша» және т. б. «Мейіргерлерді даярлауда, республикалық деңгейде құзыреттілікке негізделген оқыту және бағалау әдістері.

Колледж құрылымында кадрларды даярлау бойынша 4 бөлімше және өңірлік симуляциялық орталығы бар орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша 1 бөлімше жұмыс істейді. Колледж ғимаратында 72 кабинет, симуляциялық залдар, кабинеттер, зертханалар және қосалқы бөлімшелер орналасқан. 220 орындық жатақхана 5 қабатты ғимаратта: I. Жансүгіров к-сі, 6/1 мекенжайы бойынша орналасқан. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету 04.11.2019 жылғы №19021856 «Алғашқы медициналық – санитарлық көмек: Дәрігерге дейінгі көмек» медициналық қызметпен айналысуға арналған лицензия негізінде медициналық кабинетте жүзеге асырылады.

2009 жылдан бастап ИСО 9001:2001 стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі - СМЖ) енгізілді. 2021 жылы колледж ҚР СТ ИСО 9001 – 2016 (ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкестігіне қайта сертификаттау аудитінен сәтті өтті, 30.06.2021 ж. № KZ.7500207.07.03.00343 қолданылу мерзімі 30.06.2024 ж. дейін).

01.10.2021 ж. контингент 1131 студентті құрайды, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 714 студент (63,1%%), коммерциялық негізде – 417 адам (36,9%) оқиды. Мемлекеттік тілде 851 студент (75,2%), орыс тілінде – 280 адам (24,7%) оқиды. Шетелдіктер 14 (1,2%), жетімдер – 8 (0,7%), мүгедектер - 29 (2,6%), көп балалы және аз қамтылған отбасылардан – 319 адам (28,2%) білім алууда.

2014 оқу жылынан бастап колледжде 0302000 «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша инклюзивті оқыту жүзеге асырылады, көру қабілеті нашар адамдарға арналған «массажист» біліктілігі бар. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің (ҚР ДСМ) 2016 жылғы 01 шілдедегі №587 бұйрығына сәйкес 2016 жылғы 01 қыркүйектен бастап колледжде жұмыс істейтін мейіргерлер үшін оқытудың икемді жеделдетілген траекториясы бойынша «Мейіргер ісі» мамандығының қолданбалы бакалавриатының интеграцияланған білім беру бағдарламасын (бұдан әрі - БББ) іске асыру басталды. Бірінші бітіру 2018 жылдың ақпан айында 46 адамнан тұрды.

2019 жылдың сәуір айында Нұр-Сұлтан қаласында алғаш рет елорданың 5 медициналық колледжінің студенттері арасында «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзыреттілігі бойынша WorldSkillsNur-Sultan-2019 өңірлік чемпионаты өтті. «Мейіргер ісі» мамандығының III курс студенті Базарбаева Диана I орын алып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. 2019 жылғы 11-15 қараша аралығында ол WorldSkillsKazakhstan-2019 республикалық чемпионатына қатысып, 11 қатысушы арасында 5 орын алып, қатысушы медалімен марапатталды. 2020 жылдың қыркүйегінде WorldSkillsNur-Sultan-2020 өңірлік чемпионаты өтті, 3 курс студенті С. Сәдуақасова мен С. Амантай 1 және 2 орындарды иеленді, 2021 жылдың қараша айында Амантай Сәлима WorldSkillsNur-Sultan-2021 Ұлттық чемпионатына қатысып, 1 орынды иеленді.

Көптеген оң пікірлер мен жұмыс берушілердің сауалнамасының нәтижелері колледж түлектерін даярлаудың жоғары сапасын көрсетеді.

2.2 Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК 16.01.2017 ж. 5 жыл мерзімге 14.01.2022 ж. дейін аккредиттелген. «Білім беру сапасын қамсыздандыру бойынша тәуелсіз агенттік» мемлекеттік емес мекемесі (IQAA) - аккредиттеу туралы мәліметтерді ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының веб-сайтында орналастырған: [Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары - Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы \(enic-kazakhstan.edu.kz\)](http://enic-kazakhstan.edu.kz)

2.3 Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК медициналық колледждерді институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің рецензиялау нәтижелері бойынша қорытындысы және тұжырымдар.

Институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп (бұдан әрі - есеп) негізгі мәтінмен 127 бетте, қосымшалармен -109 бетте, мына сілтеме бойынша орналасқан құжаттардың көшірмелерімен немесе электрондық нұсқаларымен ұсынылған <https://cloud.mail.ru/public/RfWj/adNv17kJb>.

Есеп аккредиттеудің барлық 9 негізгі стандарттары мен критерийлеріне толық жауап берумен, аккредиттеу орталығы - АЕО ұйымға ұсынған институционалдық өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың ұсынымдарын ескере отырып құрылымдалуымен, сондай-ақ ақпараттың ішкі бірлігімен сипатталады. Есепке Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК директоры, медицина ғылымдарының кандидаты Саржанова Акбала Нурсеитовнаның қолы қойылған ілеспе хат қоса беріледі, онда өзін-өзі бағалау жөніндегі есепке енгізілген сандық ақпарат пен мәліметтердің дұрыстығы расталады.

Есепте әрбір қызметкердің жауапкершілігін көрсете отырып, өзін-өзі бағалау жөніндегі ішкі комиссияның 17 мүшесінің тізімі, колледждің институционалдық өзін-өзі бағалауын жүргізуге жауапты ұйымның өкілі-Кадышева Ирина Владимировна, Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары туралы мәліметтер бар.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК өзін-өзі бағалау басшының 30.06.2021 ж. «Институционалдық және мамандандырылған өзін-өзі бағалау және есеп жазу бойынша ішкі комиссия құру туралы».№ 477 бұйрығы негізінде жүргізілді.

Есепті аккредиттеу жөніндегі сарапшы Ситказинова Гульнара Кинжитаевна рецензиялады және рецензияларда жақсартуға арналған күшті жақтары мен бағыттары, сондай-ақ толықтырулар мен өзгерістер бойынша ұсыныстар атап өтілді, соның ішінде:

Стандарттар	Рецензенттің ұсыныстары
1	Көрсетілген ПС хаттамаларына сілтемелерді көрсету. Сайтта жарияланған саясатқа және іске асырылатын БББ мақсаттарына дәлелдемелер ұсыну.
2	Есепте клиникалық мейіргерлік нұсқаулықтардың ұсыныстары БББ қалай көрсетілгені туралы дәлелдер ұсынылуы керек
3	ПС, МС хаттамаларына сілтемелерді және олар қай жерде жарияланғанын көрсету ұсынылады
4	Есепте колледж түлектердің болашақ кәсіби мансабын жоспарлауға қалай қатысатынын көрсету керек.
5	Оқытушылардың мансаптық өсу саясатын және оларды ілгерілету тәртібін сипаттау ұсынылады. Тиісті құрылымдық бөлімше ПОҚ біліктілігін арттыру бағдарламаларының тиімділігін және оларды оқу процесінде одан әрі қолдануды қалай анықтайтынын сипаттау керек.
6	-
7	Білім беру бағдарламаларына енгізілетін өзгерістер туралы жұмыс берушілерді хабардар ету бойынша колледж жұмысын жетілдіру.
8	Тиісті стандарт бойынша қабылданған шешімдер бойынша педагогикалық кеңестің хаттамаларына сілтемелер жариялау ұсынылады.
9	-

Осылайша, колледж өкілімен кері байланыс барысында сарапшылар туындаған сұрақтарға жауап алды және өзін-өзі бағалау есебіне рецензенттердің ұсыныстары бойынша тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Барлық стандарттарда Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК алдыңғы бес жылда 7 білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді даярлау

бойынша нақты практика, дәлелді деректер, білім беру бағдарламаларын, ұлттық және халықаралық іс-шараларды, оқу-әдістемелік сүйемелдеуді, институционалдық аккредиттеу стандарттарының талаптарының сақталуын растайтын ресурстық базаны іске асыру мысалдары келтірілген.

Колледждің институционалдық сапасының негізгі көрсеткіштері мыналар болып табылады:

1) Миссия анықталды, Миссияны әзірлеуге колледж оқытушылары, жұмыс берушілер мен студенттер қатысты. Миссия барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілді www.hmc-astana.kz.

2) Мәлімделген миссияға, оқытудың күтілетін нәтижелеріне және әлеуметтік жауапкершілікке қол жеткізуге ықпал ететін пайымдаулар мен мақсаттарды қамтитын стратегиялық даму жоспары әзірленді және ол үнемі қайта қаралып отырады. Колледж үнемі сапа менеджменті жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс істейді. ҚР СТ ISO 9001-2016 талаптарына сәйкестік сертификаты. <https://cloud.mail.ru/public/RfWj/adNv17kJb>

3) Колледж білім алушылар білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін көрсететін күтілетін оқытудың түпкілікті нәтижелерінің денсаулық сақтау жүйесі, жұмыс берушілер мен қоғам қажеттіліктерінің қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

4) Мазмұны бойынша білім беру бағдарламалары МЖМБС талаптарын көрсетеді және оқытудың миссиясына, мақсаттарына және күтілетін нәтижелеріне сәйкес негізгі және кәсіптік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

5) Кредиттік оқыту технологиясы кезінде балдық-рейтингтік жүйе бойынша жүзеге асырылатын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау айқындалды және бекітілді.

6) 5 жыл ішінде жұмысқа орналасу көрсеткіші тұрақты жоғары болып қала беруде және оң серпінге ие, бұл түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие екендігін көрсетеді. 5 жыл ішінде жұмысқа орналасу орташа есеппен 91,3% құрайды.

7) Колледж білікті педагог кадрлармен толық қамтамасыз етілген (89 штаттық оқытушы). Кадр саясаты бар, оқытушылардың біліктілігі БББ біліктілік талаптарына сәйкес келеді (жалпы санаттылығы – 71,9%, бірінші, жоғары санаттағы қызметкерлер және магистрлердің үлесі – 56,1% құрайды). Біліктілікті арттыру оқу процесіне енгізе отырып, оқытудың инновациялық технологиялары бойынша білім алуға бағытталған. Колледждің кадрлық әлеуеті заманауи педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді меңгерген.

8) Нұр-Сұлтан қаласының 24 медициналық ұйымымен ынтымақтастық туралы шарттар мен меморандумдар жасалды.

9) Оқытушылар мен студенттердің оқу-зерттеу қызметін кеңінен қамту - 41,9%. Оқытушылардың жетекшілігімен 24 ғылыми үйірме жұмыс істейді (студенттер мен оқытушылардың оқу-зерттеу қызметі туралы 20.11.2020 ж. №790 бұйрық, сертификаттар, жарияланымдар) - <https://cloud.mail.ru/public/RfWj/adNv17kJb>

10) Колледждің тиісті материалдық-техникалық базасы бар, ол қазіргі заманғы оқыту жабдықтарымен, оның ішінде симуляциялық, ақпараттық және интерактивті қамтамасыз етумен жүйелі түрде жаңартылып отырады, бұл барлық БББ-н іске асыруды қамтамасыз етеді. Колледждің МТБ, оның ішінде ақпараттық және кітапхана ресурстарын заманауи талаптарға сәйкес жүйелі жаңғырту.

Қазіргі заманғы симуляциялық жабдықтармен жабдықталған өңірлік симуляциялық орталық жұмыс істейді. Орталық базасында білім алушылар станциялар бойынша тәуелсіз бағалауды, білім срездерін тапсырады, Worldskillsnur-Sultan2019, 2020 қалалық чемпионаты, Worldskillsnur-Sultan2021 республикалық чемпионаты өтуде.

11) Колледжде оқытушылардың, жұмыс берушілердің және білім алушылардың білім беру қызметтерін ұсыну сапасына қанағаттануына бағытталған білім беру бағдарламаларын бағалау мониторингі жүйесі болады.

12) Колледж еуропалық директивалар мен ҚР МЖМБС сәйкес мейіргер ісінің барлық салалары бойынша клиникалық практикадан өту үшін орындарды белгіледі, өндірістік (клиникалық) және кәсіптік (диплом алдындағы) практикалардың мерзімдері мен мазмұнын айқындады, ал оқу ортасы мен өндірістік практикадан өтудің міндетті базаларындағы

жағдайлар кәсіптік құзыреттер мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Өндірістік және кәсіптік (диплом алдындағы) практикалар ынтымақтастық туралы шарт негізінде, оның ішінде тәлімгерлердің (менторлардың) басшылығымен дуальды оқыту тұжырымдамасы шеңберінде 28 МҰ-да өткізіледі.

13) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін колледжде қолжетімді оқу ортасын қамтамасыз ету;

14) Оқытушылар мен студенттердің қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шаралар мен кәсіби конкурстарға белсенді қатысуы-
<https://cloud.mail.ru/public/RfWj/adNv17kJb>.

Өзін-өзі бағалау есебіндегі сипаттама студенттердің, оқытушылардың, әкімшіліктің саны, іріктеу және қабылдау туралы мәліметтер, оқу нәтижелері, білім мен дағдыларды бағалау нәтижелері, қаржылық ақпарат, даму және жетілдіру жоспарлары және т. б. бойынша толық болып келеді және толығымен жаңартылған.

Есеп АЕО-да жоғарыда келтірілген ұсынымдар бойынша деректерді түзете отырып, аяқталған түрде ұсынылған, сауатты тілде жазылған, әрбір стандарт бойынша тұжырымдар анық және түсінікті және стандарттар критерийіне сәйкес сипатталған, кестелер мен диаграммалар мәтіндегі сілтемелерді қамтиды және өтпелі нөмірлермен нөмірленеді.

Өзін-өзі бағалау есебінің сапасы аккредиттеу процедурасының келесі кезеңіне-сыртқы бағалауға көшуге негіз болды. Сарапшылар есептің деректерін валидациялауды, есептен алынған мәліметтерді білім беру ұйымына барған кезде алынатын ақпаратпен салыстыруды, яғни сандық және сапалық көрсеткіштерге верификация жүргізуді жоспарлады.

3. Сыртқы сараптамалық бағалаудың сипаттамасы

Колледжді институционалдық бағалау шеңберінде сыртқы сараптамалық жұмыс АЕО білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларына сыртқы бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес («Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің еуразиялық орталығы» НҰ бас директорының 17.02.2017 ж. №5 бұйрығымен бекітілген) және АЕО бас директоры С.С. Сарсенбаева бекіткен және Колледж директоры Саржанова Акбала Нурсеитовнамен келісілген бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылды. Ұйымға бару күндері: 22.12. - 24.12.2021 ж.

Сыртқы бағалау өзін-өзі бағалау бойынша есептің деректерін валидациялауға және аккредиттеу стандарттарының өлшемдеріне сәйкестік дәрежесін куәландыратын көрсеткіштерді тексеруге бағытталған.

Сапарды жүзеге асыру кезектілігі 3 күн ішінде аккредиттеу орталығының құжаттамасында және осы есепке 3-қосымшада орналасқан бару бағдарламасында (бұдан әрі – Бағдарлама) егжей-тегжейлі ұсынылған. Бағдарлама сыртқы сараптамалық бағалау шеңберінде барлық жоспарланған іс-шараларды жүзеге асырудың дәлелі болып табылады.

Шетелдік сарапшы* фармацевтика ғылымдарының кандидаты, Оқу-әдістемелік басқарманың білім сапасы менеджменті бөлімінің бастығы, «Курск мемлекеттік медицина университеті» ХЭФ кафедрасының доценті Олейникова Татьяна Анатольевна қатысуы zoom платформасында қамтамасыз етілген (бейнежазбалар аккредиттеу органында мұрағатталған).

ССК мүшелері объективті ақпарат алу үшін келесі әдістер мен олардың нәтижелерін пайдаланды:

- ✓ басшылықпен және әкімшілік қызметкерлермен әңгімелесу - барлығы 16 адам;
- ✓ студенттермен сұхбат – 250 адам, оның ішінде шетелдіктермен (Моңғолия);
- ✓ www.hmc-astana.kz веб-сайтты зерттеу;
- ✓ 6 қызметкерден, 44 оқытушыдан сұхбат алу;
- ✓ оқытушылар мен студенттердің сауалнамасы сәйкесінше 48 және 200 адам;
- ✓ студенттердің оқуын бақылау: бару
- ✓ 4 практикалық сабақ -

1) «Мейіргер ісі», біліктілігі «Жалпы практика мейіргері», курс 1, 113 м/і, пән: Анатомия. Тақырыбы: «Үлкен қан айналым шеңберінің артериялары, веналары. Лимфа жүйесі» Оқытушы: Мусажанова Майра Касымхановна;

2) «Емдеу ісі», біліктілігі «Фельдшер», курс 1, 111 е/і, пән: Микробиология және вирусология. Тақырыбы: «Вирустық жұқпа қоздырғыштары. ЖРВИ-ге гепатит, онковирусты жұқпаларға арнайы және жалпы алдын алу шаралары». Оқытушы: Ештова Табия Сүгірәліқызы;

3) «Мейіргер ісі», біліктілігі «Жалпы практика мейіргері», курс 1, 114 м/і, пән: Психология. Тақырыбы: «Мазасыз, қорқынышы және фобиясы бар науқастармен қарым-қатынас жасау». Оқытушы: Қулахметова Рая Маханбетқызы;

4) «Акушерлік іс», біліктілігі «Акушер», курс 1, 111 а/і, пән: Физиология. Тақырыбы: «Жүрек бұлшық етінің физиологиялық қасиеттері». Оқытушы: Рахманбердыева Зульфия Қалжанқызы;

✓ 4 теориялық сабақ:

1) «Зертханалық диагностика», біліктілігі «Медициналық зертханашы», курс 1, 111 лаб/д, пән: Латын тілі. Тақырыбы: «Клиникалық терминнің құрылысы. Аурулардың, патологиялық процесстердің атаулары». Оқытушы: Жакупова Майра Омаровна;

2) «Мейіргер ісі», біліктілігі «Жалпы практика мейіргері», курс 1, 112 м/і, пән: Өзін-өзі тану (факультатив). Тақырыбы: «Қазіргі Қазақстандағы Рухани жаңғыру» Бағдарлама:»Рухани жаңғыру». Оқытушы: Карабаева Жанна Сериковна;

3) «Мейіргер ісі», біліктілігі «Жалпы практика мейіргері», курс 1, 11 м/і, пән: Қазақстан тарихы. Тақырыбы: «Ортағасырлардың Қазақстандағы ғылымның дамуы». Оқытушы: Сулейменова Сара Нурсейтовна;

4) «Мейіргер ісі», біліктілігі «Жалпы практика мейіргері», курс 1, 12 м/і, пәні: Орыс тілі. Тақырыбы: «Киборгтардың пайда болуының этникалық мәселелері. Терминдер мен жалпы ғылыми лексиканы қолдану». Оқытушы: Джолдинова Калия Колебековна.

✓ аккредиттеу стандарттарын орындау контекстіндегі ресурстарға шолу: тәжірибенің/клиникалық оқытудың 2 базасына, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№5 Қалалық емхана» МКК-не бару, сондай-ақ мынадай базалардан: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№ 2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы» МКК, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№1 көпсалалы қалалық ауруханасы» МКК, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Көпсалалы медициналық орталығы» МКК, «Стоматология» оқу-клиникалық орталығы» ЖШС, «ТерраФарм» ЖШС бейне-растау ұсынылды, онда 89/3 штаттық оқытушылардың/ қосымша істеуші қызметкерлердің қатысуымен 7 (саны) білім беру бағдарламасы бойынша оқыту жүргізіледі;

✓ ұйымға келгенге дейін де, бөлімшелерге барған кезде де 71 бірлік көлемінде оқу-әдістемелік құжаттарды зерделеу (зерделенген құжаттардың тізбесі 2-қосымшада).

Аккредиттелетін ұйымның ұжымы тарапынан бару бағдарламасында және сұхбат және әңгімелесу учаскелерінің тізімдері бойынша көрсетілген барлық адамдардың қатысуы қамтамасыз етілді (1-кесте).

1-кесте-ССК мүшелерімен кездесулерге, сұхбаттарға, әңгімелесулерге қатысушылардың саны мен санаты туралы мәліметтер

№	Т. А. Ә.	Лауазымы
1	Саржанова Акбала Нурсейтовна	Директор
2	Кадышева Ирина Владимировна	Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары
3	Ахмет Кульшарипа Ыбыхановна	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
4	Тлеужанова Асемгуль Бейсембаевна	Әдістемелік жұмыс бөлімінің басшысы
5	Шокеева Айгуль Сабыртаевна	Практика бойынша меңгеруші
6	Кайсаева Айгуль Айтмухамедовна	Оқу процесін ұйымдастыру бөлімінің басшысы
7	Акбергенова Акмарал	«Емдеу ісі», «Зертханалық диагностика»,

	Ибраимжановна	«Стоматология», «Фармация» бөлімшелерінің меңг.
8	Артышева Рыскуль Кайыржановна	«Мейіргер ісі» бөлімшесінің меңг.
9	Туканаева Сауле Сатыбалдиевна	Қолданбалы бакалавриат БББ бөлімшесінің меңг.
10	Кулмуканова Сауя Кокашовна	. «Мейіргер ісі» бөлімшесінің меңг.
11	Марханова Надежда Тилеугабыловна	БАБ және симуляциялық орталық бөлімшесінің меңг.
12	Абильдинова Галия Султангалиевна	Ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы
13	Иранова Айнар Ирановна	Заңгер
14	Жупарбаева Айгерим	Кадрлар бөлімінің менеджері
15	Сулейменова Сара Нурсеитовна	Жалпы гуманитарлық және әлеуметтік – экономикалық пәндер ЦӘК төрағасы
16	Карабаева Жанна Сериковна	Жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК төрағасы
17	Теслина Галина Николаевна	№1 арнайы пәндер ЦӘК төрағасы
18	Анарова Айнаш Абдунабиевна	№2 арнайы пәндер ЦӘК төрағасы
19	Кулахметова Рая Махамбетовна	Психолог
20	Буранбаева Мадина Емешовна	Кітапхана меңгерушісі
21	Хамзина Жибек Тлектесовна	Бас бухгалтер
22	Ажимов Талгат Адильханович	Шаруашылық қызметінің басшысы
23	Алдабергенова Алтын Накупбековна	Комендант
24	Бердібай Сапарбек	Студенттер Парламентінің Президенті
25	Оразбаев Мурат Бекайдарович	Жұмыс беруші, «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК
26	Кулушева Гульнар Ережеевна	Жұмыс беруші, № 2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы
27	Байсеркина Динара Сатжановна	Жұмыс беруші, ШЖҚ «№6 қалалық емхана» МКК
28	Цепке Анна Борисовна	Жұмыс беруші, ШЖҚ «Қалалық фтизиопульмонология орталығы» МКК
29	Түлеутаев Мұхтар Есенжанович	Жұмыс беруші, ШЖҚ «Көпсалалы медициналық орталық» МКК
30	Абдуов Марат Карсыбекович	Жұмыс беруші, ШЖҚ №1 көпсалалы қалалық аурухана МКК
31	Куанышева Айгуль Шалабаевна	Жұмыс беруші, ШЖҚ «№7 Қалалық емхана» МКК
32	Табулдина Алтыншаш Жумашевна	Жұмыс беруші, ШЖҚ «№5 Қалалық емхана» МКК
33	Кенжебаева Сауле Кенжетаевна	Жұмыс беруші, «Мамандандырылған балалар үйі» ММ
34	Есентаева Эльмира Акниязовна	Жұмыс беруші, «Стоматология» ОКО» ЖШС

Осылайша, бағдарлама іс-шараларын іске асыру кезінде, атап айтқанда, директормен, колледждің академиялық басшылығымен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, педагогикалық кеңес мүшелерімен әңгімелесу қорытындысы бойынша студенттермен және оқытушылармен сұхбаттасу кезінде **1-стандарт** критерийлеріне сәйкестік анықталды.

Білім беру процесінің барлық қатысушылары колледждің миссиясын біледі, миссияны тұжырымдау үшін ұсыныстарды қалыптастыруға қатысты, бұл ретте миссия мүдделі тараптардың назарына сайт, әлеуметтік желілер, медициналық ұйымдарға ақпараттық хаттар арқылы жеткізілді.

Мыналар қаралды: 2016-2020 жылдарға арналған перспективалық даму жоспары, колледждің институционалдық дамуы, адами ресурстарды тиімді пайдалану, білім беру

процесін цифрландыру, МТБ жаңғырту, тәлімгерлік мектебін дамыту, халықаралық ынтымақтастық пен әлеуметтік әріптестікті дамыту сияқты бағыттарды қамтитын 2018-2022 жылдар кезеңіне арналған колледждің стратегиялық жоспары. Бұл аккредиттеу стандартының орындалуын растайды және ұйымның мақсаттарын, міндеттері мен перспективаларын көрсетеді. Студенттермен сұхбаттан оқу жылының басында оқытушылар білім беру ұйымының миссиясы, көзқарасы, жұмыс жоспарлары туралы хабардар ететіні, студенттерге білім беру бағдарламасы туралы, оқытушылар туралы, клиникалық оқыту базалары туралы қажетті ақпаратты қайдан алуға болатындығын айтатыны анықталды. Бұл оқудың студенттердің қажеттіліктеріне бейімделу бөлігіндегі **2-стандартқа** сәйкестігін көрсетеді.

Ұйымның құжаттарында жұмыс бағдарламалары, силлабустар, ПОӘК бар, онда оқытудың мақсаты, түпкілікті нәтижелері, қалыптастырылатын негізгі және кәсіби құзыреттер айқындалған, практикалық және теориялық компоненттердің интеграциясы, өзіндік жұмыс ескерілген. МЖМБС және типтік талаптарға сәйкестігі анықталды.

«Балалар жасындағы ауруларды интеграцияланған басқару» тақырыбы бойынша практикалық сабаққа қатыса отырып, сағат көлемі-4, сарапшылар оқытудың жоспар бойынша жүргізілетіні туралы сенімді деректер алды, сабақтың басында оқытушы сабақтың мақсаттарын, тақырыптың өзектілігін айтады, студенттер шағын топтарда жұмыс істейді, тесттерге жауап береді, оқытушыдан кері байланыс алады, ИВБДВ бойынша дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік алады. Колледж білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде этикалық аспектілердің сақталуын қамтамасыз етеді, өйткені сарапшылар этика кодексін (28.01.2021 ж. бекітілген), студенттің ар-намыс кодексін (29.08.2016 ж. бекітілген) зерделеді және сұхбат барысында студенттер осы құжаттардың мазмұны туралы хабардар екендіктерін айтты.

8 сағаттық BLS тақырыбындағы практикалық сабаққа қатысу және студенттермен әңгімелесу кезінде сарапшылар ұйымның колледж түлектерінің кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде симуляциялық жабдықты дамытуға ықпал ететінін көрді. Өңірлік симуляциялық орталықта студенттер автоматтандыруға дейінгі практикалық дағдыларды пысықтай отырып және автоматтандырылған форматта компьютерленген робот-симуляторларда, «AMBU» фантомдарында СЛР кезінде реанимациялық іс-шаралар дағдыларын бағалай отырып, симуляциялық жабдықта негізгі жүрек-өкпе реанимациясы бойынша оқудан өтеді. Сонымен қатар студенттер өздерінің теориялық білімдерін қалыптастырады және тереңдетеді, қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

Білім беру қызметін талдау кеңес беру пәндері бойынша ғылымның ғылыми негізі мен барлық жетістіктері ескерілгенін, ПОӘК библиографиясына және силлабустарға толықтырулар енгізілгенін, ал оқытушылар оларды сабақтарда қолданатынын көрсетті.

Бақылау-өлшеу құралдарын (600 тест, 50 тапсырма, 50 чек-парақ, 20 сценарий, графикалық құрылымдар, объективті құрылымдық клиникалық емтиханға (ОҚКЕ) билеттер, аралық аттестаттауға арналған бақылау-өлшеу материалдары) зерделеу колледжде студенттердің оқу жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін тиісті бағалау саясаты енгізілгенін көрсетті.

Студенттерге берген сұхбатында АЕО сарапшылары: оқуға түсу кезінде оқу орнын таңдау туралы, бағалау әдістері туралы, білім алушыларды бағалау критерийлерімен ақпараттандыру туралы сұрақтар қойды. Сұхбат барысында студенттер кредиттік оқыту технологиясы бойынша бағалау нысандары, оқытушылардан тұрақты кері байланыс алу, дипломдық жұмысты орындау туралы әңгімеледі. Білім алушылар ағымдағы, аралық аттестаттауда бағалау критерийлері туралы ақпараттандырылғанын растады, студенттер оқытуға, білім беру және бағалау әдістеріне қанағатты екенін көрсетті. Осылайша, **3-стандартқа** сәйкестік орнатылды.

Ұйымға барған кезде колледж директоры Саржанова Акбала Нурсеитовнамен кездесу өтті. Сұхбат барысында колледж туралы шолу презентациясы ұсынылды, онда миссия, көзқарастар, лицензиялар (білім беру қызметі, аккредиттеу), тарих, мамандықтар, бар корпустар, жатақхана, ұйымдық құрылым, кадр саясаты, стратегиялық даму бағыттары, оқытушылардың әлеуетін арттыру, мамандықтар бойынша студенттер контингенті, үлгерімі, сапасы, бітіруі және жұмысқа орналасуы, оқу-тәрбие процесі, кәсіптік бағдар беру жұмысы, біліктілікті арттыру

бөлімшесінің жұмысы, жетістіктері, бағдарламалар бөлінісінде қаржыландыру көздері мен көлемі көрсетілді. Сондай-ақ бар проблемалар мен шешу жолдары көрсетілді.

Келесі сұрақтар қойылды: сіздің колледжіңізде Бақылау кеңесі бар ма. Бұл колледжге не береді, жағымды және жағымсыз жақтары қандай? Біліктілікті арттыру бөліміне қатысты сұрақ: Сіздің колледжіңіз бірнеше жыл бойы орта медицина қызметкерлеріне ғана емес, дәрігерлерге де, оның ішінде шетелде тағылымдамадан өтуге біліктілігін арттыруды жүргізеді. Бұл колледж үшін қаншалықты тиімді және жағымсыз жағы бар ма, өйткені бұл медициналық колледждерге тән емес және сіз жоғары оқу орындарының құрамына кірмейсіз, яғни сіз филиал немесе бөлімше емессіз ғой? Шетелдік студенттермен қандай қиындықтар бар? Колледж директоры А. Н. Саржанова барлық сұрақтар бойынша толық жауап берді, бұл құжаттарды зерделеу кезінде расталды.

Директордың оқу-практикалық жұмыс (ОПЖ) жөніндегі орынбасары Кадышева Ирина Владимировнамен, бас есепші Хамзина Жибек Тлектесовнамен, заңгер Иранова Айнар Ирановнамен, бөлім меңгерушілері Кулмуқанова Сауя Кокашевнамен, Артышева Рыскуль Каиржановнамен, Туканаева Сауле Сатыбалдиновнамен, ЦӘК төрағасы Теслина Галина Николаевнамен және ЦӘК төрағасы Анарова Айнаш Абдунабиевнамен кездесу өткізілді.

Комиссия барлық оқытушылар мен қызметкерлер үшін транспарентті және қолжетімді құжаттама жүйесінің бар екеніне және стратегиялық жоспар, жыл сайынғы операциялық жоспарлар, жылдық есептер, штат кестесі, ұйымдық құрылым, бөлімшелердің ережелері, оқытушылармен және студенттермен жасалған шарттар, оқытушылардың жеке істері, ПОҚ біліктілігін арттыру жоспары, халықаралық ынтымақтастық туралы шарт және оқу-әдістемелік құжаттаманы (жұмыс бағдарламалары, оқу жұмыс жоспарлары, силлабустар, журналдар, элективті пәндер каталогы), бағалау құралдарын (чек-парақтар, тізімдемелер), куәліктер, сертификаттар және куәліктерді қамтитынына көз жеткізді. Білім беру бағдарламаларының электрондық ресурстарын, Платонус қашықтықтан оқыту платформасын, электрондық журналды көрсету жүргізілді.

Веб-сайтқа шолу оның беттерінде студенттерге қажетті құжаттардың бар екенін көрсетті: Нұсқаулық, ішкі тәртіп ережелері, студенттердің жатақханасында тұру тәртібі, сабақтар мен емтихандар кестесі, оқу-өндірістік және диплом алдындағы практика кестелері, Е-кітапхана, «Платонус» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ААЖ), ААЖ-дағы «Microsoft teams»жұмыс алгоритмдері, нормативтік құжаттар, жаңалықтар және колледж тарихы туралы, талапкер үшін, білім беру бағдарламалары туралы, мемлекеттік қызметтер туралы, колледж өмірі туралы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы туралы, студенттерді әлеуметтік қолдау туралы, үнемі жаңартылып отыратын біліктілікті арттыру туралы ақпарат. Бұл мәліметтер директордың оқу-тәрбие жұмысы (ОТЖ) жөніндегі орынбасары Ыбыхановна Ахмет Гүлшарипамен әңгімелесу кезінде алынды.

Кадышева Ирина Владимировнамен, ОӘЖ жөніндегі бөлімінің басшысы Тлеужанова Асемгуль Бейсембаевнамен, практика меңгерушісі Шокеева Айгуль Сабыртаевнамен, 2019 және 2020 жылдары қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, Акбергенова Акмарал Имбраимжановнамен, Ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы Абильдинова Галия Султанғалиевнамен және ОУЧР менеджері Жупарбаева Айгериммен әңгімелесу келесі мәселелерді қамтыды: жұмысқа қабылдау кезінде оқытушыларды, қызметкерлерді іріктеу және таңдау рәсімі; оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту; ПОҚ аттестаттау; медициналық мамандықтарға студенттерді іріктеу әдістері; кәсіптік бағдар беру жұмысының әдістері; персоналды ынталандыру әдістері; білім беру бағдарламасын (БББ) іске асыруға практикалық денсаулық сақтау мамандарын тарту; оқу процесінде пайдаланылатын ақпараттық платформалар; ғылыми зерттеулер әдіснамасы бойынша ПОҚ біліктілігін арттыру. Жауаптар сарапшыларға клиникалық базалардың қызметкерлерін оқытуға тарту тәсілдері туралы (2021-2022 оқу жылына арналған қосымша жұмыс істеуші оқытушылардың барлығы-3 адам), студенттерді БББ қабылдау стратегиясы мен тактикасы, білім беру бағдарламасының ақпараттық қамтамасыз етілуі туралы білуге, сондай-ақ адами ресурстарды басқару және дамыту бойынша проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді, өйткені жаңадан келген оқытушылар мен қосымша жұмыс істеуші қызметкерлер оқыту әдістемесін меңгерген.

Аккредиттеуге үміткер білім беру бағдарламаларында қолданылатын оқыту әдістері көрсетілді. Аталған презентацияны оқу-әдістемелік жұмыс (ОӘЖ) бөлімінің басшысы Тлеужанова Асемгуль Бейсембаевна және техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) және орта білімнен кейінгі білім беру деңгейіне және білім беру бағдарламаларының пәндеріне сәйкестік контекстінде оқыту әдістері бойынша оқытушылармен әңгімелесу өткізді.

44 штаттық оқытушылармен сұхбат табыстар да, қиындықтар да бар екенін көрсетті, мысалы, кейбір клиникалық базаларда клиникалық практикадан өту кезінде (студенттерді жабдыққа, емделушілерге жіберуге рұқсат). Сарапшылар оқытушылардың біліктілігін арттыру бағдарламасы, осы оқытуды қаржыландыру, оқытушыларда оқыту әдістері бойынша сертификаттаудың болуы, ПОҚ аттестаттау туралы, оқытушыларды әлеуметтік қолдау туралы, оқытушыларды ынталандыру және мотивациялау шаралары туралы, педагогикалық жүктемені бөлу туралы, жас оқытушылардың педагогикалық құзыреттіліктерін дамыту туралы жауаптар алды. Оқытушылар оқу процесін ұйымдастыруға, колледждің материалдық-техникалық базасына, ПОҚ педагогикалық әлеуетін арттыруға қанағатты екенін көрсетті.

Сол күні сарапшылар студенттерді қабылдау және оқытушыларды іріктеу бойынша материалдарды зерделеп, **4-стандартқа** сәйкестігін анықтады.

5-стандарттың деректерін верификациялау мақсатында сыртқы сарапшылар кадр саясаты және оқытушылардың педагогикалық құзыреттілігін дамыту тәсілдері, студенттермен жұмыс істеуге уәждеме, тәлімгерлік жүйесін, тәлімгерлік мектебін, тәлімгерлік жүйесін іске асыру және тәлімгерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқыту туралы пікір алды. Сарапшылар оқытушылардың студенттердің ғылыми үйірмелері шеңберінде студенттерге арналған СҒЗЖ тақырыптарына бастамашылық ететінін, ғылыми ақпаратты, әдебиетті, медициналық құжаттаманы іздеумен қосымша оқыту және өз бетінше жұмыс істеу қажеттілігін ынталандыратынын атап өтті.

Клиникалық базаларға бару кезінде сарапшылар ресурстарға, олардың оқыту бағдарламаларына сәйкестігіне, оқытушылар мен студенттерге қолжетімділігіне, бұл жабдықтың қаншалықты заманауи және білім алушылар мен практикалық денсаулық сақтаудың қажеттіліктеріне сәйкес келетініне зерттеу жүргізген.

Сарапшылар **6-стандарттың** орындалғаны туралы дәлелдер алды, сондай-ақ өзін-өзі бағалау туралы есептің мәліметтерін растады (клиникалық базаларға бару кезінде сарапшылар оқу-өндірістік практикадан (ОӨП) өткен студенттермен, клиникалық практика менторларымен әңгімелесті, оқу-өндірістік практикадан өту кезінде білім алушылардың жұмыс орындарымен танысты).

Өзін-өзі бағалау бойынша есептің деректерін орындауды валидациялау және бағдарламалардың сапасы туралы дәлелдер алу мақсатында «Мейіргер ісі» (мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры), «Мейіргер ісі» (жалпы практиканың мейірбикесі), «Емдеу ісі», «Акушерлік іс», «Зертханалық диагностика», «Фармация», «Стоматология» мамандықтары бойынша студенттермен сұхбат жүргізілді.

Студенттермен офлайн сұхбатқа 250 адам қатысты. Шетелдік сарапшы Олейникова Татьяна Анатольевна (Курск мемлекеттік медицина университеті, Ресей Федерациясы) ZOOM платформасында қашықтықтан білім алушылармен сұхбатқа қатысты. Студенттер АЕО сарапшыларының сұрақтарына: колледждің миссиясы туралы, ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану туралы, колледжде материалдық-техникалық қамтамасыз ету, атап айтқанда симуляциялық жабдықтармен, ақпараттық және кітапханалық ресурстармен қамтамасыз ету, оқыту әдістері мен оқытушылардың біліктілігіне қанағаттану туралы, сабақтарда симуляциялық жабдықтар мен ақпараттық технологияларды пайдалану туралы, оқытушылармен қарым-қатынас туралы, академиялық қолдауға қанағаттану туралы, пысықтаулар, әлеуметтік қолдау туралы (студенттердің әлеуметтік осал санаттарына оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер), психологиялық қолдау туралы, студенттерге арналған жолдама туралы, СҒЗЖ-ға қатысу туралы, халықаралық дерекқор ресурстарының, кәсіби әдебиеттердің қолжетімділігі туралы, колледж іс-шараларына қатысу туралы, студенттік өзін-өзі басқару туралы, клиникалық практиканы ұйымдастыру туралы, элективті пәндерді таңдау туралы, студенттер арасында сауалнама жүргізу туралы, білім алушыларға жатақхана беру

туралы, оқу процесінде хабардар болу туралы сұрақтарына белсенді жауап берді. Сұхбат барысында студенттер кредиттік оқыту технологиясы бойынша бағалау нысандары, оқытушылардан тұрақты кері байланыс алу, дипломдық жұмысты орындау туралы әңгімеледі.

Жалпы студенттер оқуға, оқыту және бағалау әдістеріне, клиникалық практикаға, кабинеттер мен аудиторияларды симуляциялық жарактандыруға, кітапханалық және ақпараттық ресурстарға қанағатты, осы ұйымға мақсатты түрде оқуға түсті, өйткені олар колледжде жақсы материалдық-техникалық ресурстар, имидж және халықаралық байланыстар, елордада жұмысқа орналасудың жоғары көрсеткіші бар деп санайды.

Студенттер білім беру ұйымына деген адалдықтарын көрсетті, сыртқы сарапшылардың сұрақтарына жауап беруде белсенді болды, оқытуды ұйымдастыру, олардың дағдыларын бағалау, консультациялық қолдау бойынша өз пікірлерін көрсетті, шетелдік сарапшы Олейникова Татьяна Анатольевнаның сұрақтарына жауап берді. Сарапшылар студенттердің құжаттарын (жеке істер, портфолио, студенттерді бағалау нәтижелері, сауалнама нәтижелері, сертификаттар, грамоталар, сынақ кітапшалары, дипломдық жұмыстар, зерттеу жұмыстары) зерделеді.

Көпсалалы стационарлар мен қалалық емханалардың 8 басшысымен, ГССМП бас фельдшерімен, стационарлар мен емханалардың бас мейіргерлерімен, 15 адамнан тұратын дәріханалар мен зертханалардың меңгерушілерімен сұхбат он-лайн режимінде өткізілді және мынадай мәселелерді қамтыды: колледж миссиясын білу, стратегиялық жоспарға миссия мен ұсыныстарды әзірлеуге қатысу, кеңесші органдардың жұмысында, студенттер мен түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктеріне қанағаттану, менторлық арқылы студенттерді оқытуға қатысу, менторлар мен студенттерді практикалық оқыту және клиникалық ойлауды қалыптастыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, колледжбен өзара әрекеттесу әдістері, клиникалық практикадан өту, колледжде оқуды аяқтағаннан кейін түлектерді бөлу және жұмысқа орналастыру. Жұмыс берушілер түлектердің құзыретіне жоғары қанағаттанушылықты атап өтті.

Ресурстарға шолу олардың білім беру қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетіндігін көрсетті, осылайша екі клиникалық базаға: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК, ШЖҚ Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№5 Қалалық емхана» МКК барды, сондай-ақ мынадай базалардан бейне-растуа ұсынылды: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№1 көпсалалы қалалық ауруханасы» МКК, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Көпсалалы медициналық орталығы» МКК, «Стоматология» оқу-клиникалық орталығы» ЖШС, «ТерраФарм» ЖШС. Оқытушылар студенттерді оқытудың түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу үшін медициналық қызметкерлермен, клиникалық база басшылығымен алқалы және этикалық қатынастарды қамтамасыз етеді. Тақырыптық емделушілердің жеткілікті саны қамтамасыз етілді, заманауи жабдықтар және клиникалық базаларда білім алушылардың емделушілер мен ресурстарға қолжетімділігі байқалады, ал тәлімгерлер (менторлар) рөлін атқаратын қызметкерлер этика мен деонтологияны сақтай отырып, өндірістік практикалардың сапалы өтуін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасының тиісті пәнін бастамас бұрын студент оқытушыдан силлабус алады және оқу барысында қандай дағдыларды игеріп, дамыту керектігін біледі.

Сол күні сарапшылар мына ресурстарға шолу жасады: колледждің материалдық базасы, жалпы аудитория саны - 29, зертхана саны - 6, аймақтық симуляциялық орталық, кітапхана, медициналық пункт, жатақхана. Аудиториялар мен кабинеттерде IT-жабдықтар бар (ішкі және сыртқы бейнебақылау, интерактивті тақталар, ноутбуктер, мониторлар). Ресурстарға шолу олардың білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетіндігін көрсетті. Осылайша, **6-стандартқа** сәйкестік орнатылды.

Сапардың соңғы күні колледжде сыртқы бағалау қорытындысы бойынша ССК мүшелерінің кеңесі өтті. Колледжді сырттай бағалау, құжаттарды зерделеу, әңгімелесу, сұхбат, сауалнама нәтижелерін қорытынды талқылау өткізілді. ССК мүшелері ССК қорытынды есебін жобалауға кірісті. Сыртқы бағалау нәтижелерін жалпылау жасалды. Сарапшылармен «Сапаның

институционалдық бейіні және колледждің АЕО аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін сыртқы бағалау критерийлері» жеке толтырылды. ССК мүшелері ешқандай ескертулер жасаған жоқ. Институционалдық жетілдіру бойынша ұсынымдар талқыланды және төраға Ситказинова Гульнара Кинжитаевнамен 5 жылға аккредиттеу кезеңі бойынша АЕО Аккредиттеу Кеңесі үшін ұсынымдар бойынша қорытынды ашық дауыс жүргізілді.

ССК жұмысы үшін қолайлы жағдайлар жасалды, барлық қажетті ақпараттық және материалдық ресурстарға қолжетімділік ұйымдастырылды. Комиссия колледждің корпоративтік мәдениетінің жоғары деңгейін, ССК мүшелеріне ақпарат беруде ұжымның ашықтығының жоғары дәрежесін атап өтеді.

Сапар соңында білім беру ұйымының басшылығы мен қызметкерлері үшін ССК төрағасы институционалдық аккредиттеу жүргізу шеңберінде сыртқы бағалау қорытындылары бойынша ұсынымдар жариялады.

4. Сауалнама нәтижелері.

АЕО бақылаушысы 2021 жылғы 21-23 желтоқсан аралығында <https://webanketa.com/> ресурсында он-лайн сауалнама жүргізді.

Студенттердің сауалнамасына 39 сұрақ кіреді.

Студенттердің сауалнамасының қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысқандардың 94%-ы осы білім беру ұйымында оқуға өздерінің таныстарына, достарына, туыстарына ұсынатыны анықталды. Респонденттердің 93%-ы «Бағдарлама жетекшілері мен оқытушылар колледжде оқумен байланысты оқушылардың проблемалары туралы хабардар екендігі» сұрағымен толық келіседі. «Бағдарлама жетекшілері мен оқытушылар оқушыларды кеңесші органдардың (әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес, білім беру бағдарламалары комитеттері) жұмысына тартады» деген сұраққа студенттер «тұрақты» - 90,5% деп белгіледі, бірақ респонденттердің 3% бұл туралы білмейді. Жалпы студенттердің 96,5%-ы оқу бөлмелерінің, колледж аудиторияларының жағдайлары мен жабдықталуына қанағатты. Оқушылардың сабақтар арасында демалуына және тамақтануына жағдай жасауға қатысты (демалуға арналған бөлмелер, аумақтағы орындықтар/беседкалар, буфет-асхана) онымен респонденттердің 90,5% толық келіседі. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 92,5%-ы аудиториялар мен практика базаларында кеңсе техникасы (компьютерлер, ноутбуктер, принтерлер) студенттерге қол жетімді екендігімен толық келіседі. Оқытушылар оқушыларды әдістемелік және дидактикалық материалдармен, сабаққа дайындық үшін қосымша әдебиеттермен қамтамасыз етеді – респонденттердің 95,5%-ы бұған толық келіседі. Бұл сұраққа теріс жауап берген респонденттер-0,5% құрады. Студенттердің 93,5%-ы колледжде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға қол жетімділігі бар екендігімен толық келіседі. Студенттердің 95,5%-ы кітапхана ресурстарына толық қанағаттанған, 4%-ы ішінара қанағаттанған. Электрондық білім беру ресурстарына қолжетімділікке қанағаттанғандар-94%, ішінара қанағаттанғандар - 4,5%. Колледж қатысушысы үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігін респонденттер былайша бағалады-95% толық қанағатты, 5% ішінара қанағатты. Тәлімгерлердің қызметіне студенттердің 95%-ы толық қанағатты, ішінара – 4,5%-ы қанағатты, 0,5%-ы қанағаттанбаған. Сауалнамаға қатысқан студенттердің көпшілігінің пікірінше, колледж оқытушылары мен қызметкерлері оқушыларға құрметпен қарайды - 97%, бұл пікірмен– 0,5% келіспейді. Колледжде оқушыларды қолдаудың әлеуметтік бағдарламалары бар және іске асырылуда – студенттердің 97,5%-ы оң жауап берді, студенттердің 2%-ы мұндай бағдарламалар туралы естімеді. «Колледжде студенттік мансапқа кеңес беру қызметінің болуы» сұрағына - 96,5% мұндай қызмет бар деп жауап берді, 3% бұл туралы естімеді немесе жауапқа күмәнді болды. Білім беру ұйымында студенттердің дербес оқыту жүйесі жолға қойылған-91%-ы бұған толық келіседі, бірақ респонденттердің 8,5%-ы ішінара келіседі. Респонденттердің көпшілігі 99,5% практика негізінде оқытуды ұйымдастыруды өте жақсы және жақсы бағалады. Практикалық оқыту үшін жеткілікті уақыт бар (емделушілерді басқару және күту, мейіргерлік іс – шаралар, зертханаларда жұмыс істеу және т.б.) - респонденттердің 95% және 4,5%-ы тиісінше бұған толық келіседі немесе ішінара келіседі. Сабақ кестесі респонденттерді толығымен қанағаттандырады (91,5%), 7,5%-н ішінара қанағаттандырады. Бағалау әдістеріне толық

қанағаттанған - студенттердің 96%, ішінара қанағаттанған студенттер – 4%. Тандалған мамандық бойынша білім беру бағдарламасының мазмұны (пәндер тізбесі) күткенге толық сәйкес келеді деп студенттердің 97%-ы жауап берді. Оқытушылар сабақтарда оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолданады-96%-ы «үнемі», 3,5%-ы «кейде», 0,5%-ы «сирек» деп жауап берді. «Мұғалім сабақтың басталуына қаншалықты жиі кешігіп келеді?» деген сұраққа - сауалнамаға қатысқандардың 96%-ы ондай жағдай болған жоқ, 4%-ы «кейде» деп жауап берді. Респонденттердің 93,5% студенттер сабақ аяқталғаннан кейін оқытушымен кері байланыс жасайды (студенттің пікірін тыңдайды, шағын сауалнама жүргізеді, қателіктермен жұмыс жасайды) деп жауап берді, студенттердің 6% кейде деп жауап берді. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 97,5%-ы колледждің оқытушысы (тәлімгері, кураторы) мен үшін кәсіби дәрігер, адам (этика, коммуникация, сыртқы келбет, сөйлеу) ретінде үлгі болып табылады деп санайды, бірақ респонденттердің 1,5%-ы бұл пікірмен мүлдем келіспейді және 1%-ы «колледждің барлық оқытушылары мен үшін емес үлгі емес» деп жауап берді. Респонденттердің 96,5%-ы таңдалған мамандық бойынша практикалық қызметті жүзеге асыру үшін емделушілердің жеткілікті саны бар деп санайды. Осы колледжде оқығанды ұнатамын деп студенттердің 96,5%-ы жауап берді, курстастарымен, әріптестерімен, медициналық қызметкерлермен қарым-қатынастарым «толық» қанағатты деп респонденттердің 97,5%-ы деп жауап берді. «Сіз мұғалімдердің жеке теріс көзқарасын сезіндіңіз бе?» деген сұраққа студенттердің 94% – ы «жоқ» деп жауап берді, студенттердің 4,5%-ы «осыған лайықты жағдай болды» және 1,5%-ы «иә, әділетсіз болды» деп жазды. Бұл колледжде оқытындарына толық қанағатты – 96%. Колледж басшылығы студенттер үшін қол жетімді-99,5%. Қазіргі уақытта ғылыми үйірмеде оқиды – студенттердің 62,5%. Респонденттердің 98%-ы колледж таңдалған мамандық бойынша қажетті білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретініне толық сенімді.

Жалпы, сауалнамаға қатысқандардың 95% – ы колледжде оқытуды ұйымдастыруға қанағатты, ішінара қанағатты -4%. ССК жұмысымен студенттердің 99% қанағатты. Студенттердің көпшілігі (92%) колледжді және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу қажет деп санайды. Бұл ретте сауалнамаға қатысқан студенттердің 90%-ы колледжді аккредиттеуге дайындық бойынша іс-шараларға тартылды.

Осылайша, сауалнамаға қатысқан студенттердің шамамен 96%-ы білім беру ұйымына, оқыту әдістеріне, оқытушылармен қарым-қатынасқа және колледждегі күтулерге қанағаттанады.

Оқытушылардың термесауалы сауалнаманың 26 сұрағын қамтыды. Сауалнамалар 48 оқытушыға жіберілді (штатта барлығы 89), жауап бергендер саны – 48, бұл ретте педагогикалық өтілі 5 жылға дейін – 18,75%, 10 жылға дейін-12,5%, 10 жылдан астам – 68,75%.

Сауалнама қорытындысы бойынша колледждегі білім беру процесін ұйымдастырумен респонденттердің 97,92%-ы толығымен қанағаттандырылды, ал 2%-ы ішінара қанағаттандырылды; колледжде әріптестер, оқытушылар, басшылық арасындағы қарым-қатынаста этика мен бағыныштылықтың сақталатындығына 100% (толық келіседі); респонденттердің 97,92%-ы еңбек пен жұмыс орнын ұйымдастырумен толықтай қанағаттанады, ал 2,08%-ы ішінара келіседі; 97,92%-ы ұйымда мансаптық өсу мен құзыреттілікті дамыту мүмкіндігі бар екендігімен толық келіседі және 2,08% бұған толық келіспейді; ғылыми жұмыстармен айналысуға және ҒЗЖ нәтижелерін жариялауға мүмкіндік бар деп - 97,92% санайды; респонденттердің 97,92%-ын жалақы қанағаттандырады; НР қызметінің жұмысына қанағатты-97,92%; 1 жылдан аз уақыт бұрын кәсіби біліктілікті арттыру курстарында оқиды – 37,5%, осы жыл ішінде – 54,17%, 3 жылдан астам уақыт бұрын-6,25%; бөлім/бөлімше/департамент/кафедра ұжымындағы микроклиматқа толық қанағатты, онда респонденттердің шамамен 81,25% -ы жұмыс істейді және сауалнамаға жауап бергендердің 16,67% –н қанағаттандырады деуге болады; колледжде мамандық бойынша кәсіби маман ретінде жүзеге асыру мүмкіндігі бар деп - 97,92% - ы толық келіскендерін айтты; колледж студенттері оқу бағдарламасын аяқтағаннан кейін жоғары білім мен практикалық дағдыларға ие екендігімен 93,75% толық келіседі және 4,17% ішінара келіседі; білім беру үдерісін қамтамасыз ету үшін әдістемелік және дидактикалық материалдарды, ұйымдастыру техникасын, кеңсе тауарларын сатып алуға өтінімдердің уақтылы орындалуын

респонденттердің 97,92%-ы атап өтеді; білім беру ұйымы кенің конференцияларға (халықаралық, республикалық) қатысуымды – жол ақысын, іссапар, тіркеу жарнасын төлеумен қолайды деп – 83,33% деп жауап берді, өзін-өзі қаржыландыру керек деп -4,17% жауап берді; респонденттердің 91,67% - ы білім алушылардың клиникалық базаларда емделушілерге еркін қол жеткізе алатынын және олардың практикалық дағдыларын жетілдіру үшін барлық жағдайлары бар деп жауап берді, ал 6,25% - ы бұл талаптармен ішінара келісетіндерін айтты.

Сабақ өткізу кезінде колледж оқытушыларында әдістемелік материалдардың барлық түрлері бар (силлабустар, кейстер, бақылау-өлшеу материалдары, журналдар, ПОӘК және т. б.); оқытушылар студенттерді оқытудың практикалық бөлігіне көбірек көңіл бөледі (73%); сұралғандардың 87% студенттердің тәлімгерлері болып табылады; білім беру ұйымдарында оқытушыларды әлеуметтік қолдау бағдарламалары іске асырылады – 91,6%; респонденттердің 85,42% -ның пікірінше, колледж басшылары білім беру процесі, ҒЗЖ, практикалық жұмыс мәселелері бойынша олардың пікірлерін жүйелі түрде тыңдайды, алайда 12,5%-ы кейде тыңдайды деп жауап берді; респонденттердің 77,08%-ы өздерінің кәсіби деңгейін жоғары деп бағалайды; сауалнамаға қатысқан оқытушылардың 66,67%-ы негізінен *дәрісті* оқыту әдісі ретінде пайдаланады, 70,83% - ауызша талдау тақырыптар, 58,33%-проблемалық бағдарланған және 70,83% - интерактивті оқыту және 77,08%; шағын топтарда жұмыс істеуді, 83,33% тесттерді пайдаланады; бұл сауалнама колледж қызметінің негізгі бағыттарын және оның білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін пайдалы екендігімен 100% толық келіседі.

Осылайша, сауалнамаға жауап берген оқытушылардың шамамен 97,92%-ы колледждегі білім беру үдерісін ұйымдастыруға қанағатты, көпшілігі оқытушылық және тәлімгерлік жұмыстарды үйлестірумен студенттерді қажетті оқу-әдістемелік материалдармен және практика базаларында емделушілердің жеткілікті санымен қамтамасыз ете отырып, студенттерді оқыту мен бағалаудың әртүрлі әдістерін қолданады.

Сауалнама нәтижелері жалпы білім беру процесіне, клиникалық база ресурстарына, оқытушылардың құзыреттеріне қанағаттанушылықты көрсетеді, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын орталықтандырылған басқарудың бар екендігін көрсетеді.

5. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» МКК сыртқы бағалау қорытындылары бойынша аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау.

1-стандарт: МИССИЯ ЖӘНЕ ТҮПКІЛІКТІ НӘТИЖЕЛЕР

Сәйкестіктің дәлелі:

Құжаттар: колледжді дамытудың 2018-2022 жылдарға арналған стратегиялық жоспары, педагогикалық кеңестің хаттамалары, Байқау кеңесінің хаттамалары, әдеп кодексі, ішкі тәртіп ережелері, сауалнамалар, СМК жұмыс жоспары, колледждің ресми сайты www.hmc-astana.kz.

1.1 Миссияның анықтамасы

Колледжде нақты тұжырымдалған Миссия бар. Мүдделі тараптар миссияны талқылауға қатысты. Миссияның мәтіні ақпараттық стендтерде, талапкерлерге арналған ақпараттық буклеттерде, студенттерге арналған нұсқаулықтарда, сондай-ақ www.hmc-astana.kz колледж сайтында орналастырылған. «Іскерлік этика кодексі» және «Ішкі тәртіп ережелері» енгізілді. Колледжді дамытудың 2018 – 2022 жылдарға арналған стратегиялық жоспары мәлімделген миссияға сәйкес келеді және білім беру саласында қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді, күтілетін нәтижелерді алу үшін барлық бағыттар бойынша қызметті жоспарлаудың негізі болып табылады және 6 негізгі бағытты қамтиды.

1.2 Оқытудың түпкілікті нәтижелері

Оқыту және өндірістік практикадан өту кезеңінде білім алушылар оқытушылар мен медицина қызметкерлеріне, емделушілерге және олардың туыстарына қатысты кәсіби этика қағидаттарын сақтайды. Колледжде «Ішкі тәртіп ережелері», «Іскерлік әдеп кодексі», «Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт», «Студенттердің ар-намыс кодексі» ішкі жергілікті

құжаттар әзірленіп, жұмыс істейді, онда білім алушылардың міндеттері мен колледж білім алушылары мен оқытушыларының кәсіби әдеп қағидаттары көрсетілген.

Кәсіби құзыреттерді қалыптастыру бойынша БББ тиімділігі АА және ҚА нәтижелерімен, студенттердің, жұмыс берушілердің сауалнамаларымен, жұмыс берушілердің пікірлерімен расталады. Сауалнама нәтижелері бойынша студенттер арасында респонденттердің 84%-ы оқу процесіне толық қанағаттанушылықты атап өтеді, жұмыс берушілер түлектердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің жеткілікті жоғары деңгейін атап өтеді.

ССК критерийлер бойынша қорытындылары. 10 стандарттан: Толық-7, айтарлықтай-3, ішінара – 0 стандарт сәйкес келеді, сәйкес келмейді-0.

1-стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту бойынша ұсыныстар:

1) Миссияны әзірлеуге, қайта қарауға және жаңартуға және әлеуметтік серіктестер мен студенттердің білім беру бағдарламаларын жаңартуға кеңірек тарту (1.1.2; 1.2.5).

2-стандарт: БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Сәйкестіктің дәлелі:

Құжаттар: оқу жұмыс жоспарлары, колледждің 2020-2021 жылдарға арналған операциялық жоспары, сабақтар, емтихандар кестесі, колледжішілік бақылау туралы ереже, ЖОЖ, силлабустар, ынтымақтастық туралы шарттар, клиникалық практикалардың жұмыс бағдарламалары, элективті пәндер каталогы, ПОӘК, ЖЭК туралы ереже, Әдістемелік кеңестің хаттамалары, СҒЗЖ туралы бұйрық, дипломдық жұмыстардың басшыларын тағайындау туралы бұйрық, Үйірмелердің жұмыс жоспары, оқудан өткені туралы сертификаттар.

2.1 Білім беру бағдарламаларының моделі

Колледж миссияға, мақсаттарға және күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының моделін анықтады. Білім алушыларды ынталандыратын, дайындайтын және қолдайтын және олардың оқу үдерісі үшін жауапкершілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқытудың қазіргі заманғы қағидаттарына негізделген оқыту мен білім берудің тиімді әдістері айқындалды және пайдаланылады. Колледж барлық БББ іске асыру кезінде білім алушылардың ұлтына, жынысына, дініне, оқыту тіліне, жасына қарамастан барлық білім алушыларға теңдік қағидаттарын сақтайды. Оқу процесінде инновациялық технологиялар (сыни тұрғыдан ойлау, кейс-әдістер, рөлдік ойындар, жоба әдісі), симуляциялық технологиялар, «стандартталған емделуші», клиникалық сценарийлер қолданылады. Аралық аттестаттау қорытындысы бойынша үш жыл ішінде үлгерім сапасын талдау тұрақты оң динамиканы көрсетеді.

2.2 Білім беру бағдарламаларының құрылымы, мазмұны және ұзақтығы

Колледжде әртүрлі пәндер арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ету үшін БББ курстары мен компоненттерінің мазмұны, көлемі мен реттілігі айқындалған және БББ пәндердің көлденең және тігінен интеграциялануы қамтамасыз етілген. Мамандарды даярлау кезіндегі БББ мазмұны жалпы білім беретін және жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндердің негізгі және кәсіптік модульдеріне интеграцияланған пәндерді зерделеуді көздейді. Негізгі және кәсіби модульдерге міндетті компонент және таңдау компоненті модульдері кіреді. Таңдау компонентінің каталогын колледж айқындайды, ол педагогикалық кеңестің отырысында қаралады (30.06.2021 ж. №6 хаттама). Білім алушылардың жеке қабілеттері мен сұраныстарын толық ашу мақсатында БББ-на келесі факультативтер енгізілді-өзін-өзі тану (36 сағат), кәсіптік шет тілі, дене шынықтыру (24 сағат), кәсіпкерлік қызмет негіздері (36 сағат) және элективтер-кәсіптік қызметтегі ақпараттық технологиялар, ССС, ИВБДВ, УПМ аурулары кезіндегі зерттеу әдістері; Қолданбалы бакалавриат БББ бойынша элективтер -медицинадағы латын тілі, кәсіби ағылшын тілі, коммуникативтік дағдылар, ғылыми зерттеу әдістемесі, короновирустық инфекциясы бар емделушілерге мейіргерлік күтім және басқалар. Колледж өндірістік (клиникалық) және кәсіптік (диплом алдындағы) практикалардың мерзімдері мен мазмұнын айқындады.

2.3 Ғылыми әдіс

Колледждің студенттер мен ПОҚ ғылыми-зерттеу қызметімен кең қамтылғандығы атап өтілді-41,9%. Отандық және шетелдік сарапшылар «Үздік клиникалық практика», «Дәлелді мейіргерлік практика негіздеріне және мейіргер ісіндегі зерттеулерге кіріспе», «Мейіргерлік клиникалық нұсқаулықтар бойынша жаттықтырушыларды оқыту», «Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы», «Зерттеулерді жоспарлау қағидалары» тақырыптары бойынша өткізетін оқыту семинарлары мен шеберлік сабақтарында оқытушылардың педагогикалық әлеуетін арттыру жүзеге асырылады. Жергілікті этикалық комиссия (ЖЭК) құрылды, «Жергілікті этикалық комиссия туралы ереже» әзірленді және бекітілді, ақпарат колледж сайтында орналастырылды.

Дипломдық жұмысты орындау мақсатында «Дипломдық жұмысты орындау және ресімдеу қағидалары» ережесі әзірленді, онда дипломдық жұмысты (бұдан әрі – ДЖ) орындау рәсімі, ресімдеуге қойылатын талаптар және ДЖ (плагиатқа қарсы) көшіріп алу мәніне тексеруден өту рәсімі айқындалды. Зерттеу дағдыларын қалыптастыру және ғылыми білімді қалыптастыру үшін БББ-да «Зерттеу жұмысының биостатистикасы және нәтижелерін ресімдеу», «Мейіргер ісінде зерттеуді жоспарлау және жүргізу қағидалары», «Дипломдық жұмысты орындау», «Дәлелді мейіргерлік практика» модульдері енгізілген. Колледж білім алушыларға ПК – 2: ғылыми тәсіл және дәлелді мейіргерлік практика құзыреттілігін қалыптастыру үшін шағын ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізуге немесе қатысуға тарта отырып, «Ғылыми зерттеулер әдістемесі» элективін БББ-ға енгізу арқылы ғылыми әдіснаманың негіздерін зерделеу үшін мүмкіндіктер береді. 2021 жылы 32 адам ПБ БББ студенттері дипломдық жұмыстарды сәтті қорғап шықты -100%.

2.4 Жалпы кәсіптік пәндер

Білім беру бағдарламаларында білім алушылардың ғылыми білімді түсінуін қалыптастыру үшін жалпы кәсіптік пәндердің жетістіктері айқындалды және енгізілді.

2.5 Арнайы пәндер

Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктері арнайы пәндерді симуляциялық кабинеттерде, симуляциялық орталықта қажетті заманауи жабдықтармен, фантомдармен және муляждармен жарақтандырылған симуляциялық оқыту арқылы, сондай-ақ МҰ базаларында ОӨП және КП өту кезеңінде қалыптастырылады. Студенттердің клиникалық базаларда саны мен профиліне сәйкес келетін әр түрлі жастағы емделушілермен байланысу үшін жеткілікті уақыттары бар. Студенттер 1 курста 2 семестрде «Емделушілерге мейіргерлік күтім» өндірістік практикасында емделушімен алғашқы байланыс тәжірибесін алады. БББ-да ұлттық және өңірлік қажеттіліктерді ескере отырып, денсаулық сақтаудың басым бағыттары бойынша пәндер кіретін таңдау компонентіне белгілі бір сағат саны бөлінген. Жұмыс берушілердің 79%-ы колледж түлектерінің жоғары қанағаттанушылығын атап өтеді.

2.6 Білім беру бағдарламасын басқару

Колледжде академиялық басшылық бар және БББ-ны жоспарлауға, қарауға және енгізуге өкілеттігі бар БББ-ға жауапты құрылымдық бөлімшелер анықталған.

2.7 Денсаулық сақтау практикасымен және жүйесімен байланыс

Өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін колледж практика базасы ретінде айқындалған 28 МҰ-мен ынтымақтастық туралы 2 және 3-тараптық шарт жасасты. Тәжірибенің негізгі базалары №1, №2, №3 «Көпсалалы қалалық ауруханалар», №1, №2, №3 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы, Академик Н.Д. Батпенев атындағы травматология және ортопедия ғылыми орталығы, Нұр-Сұлтан қаласының №2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15 емханалары, Көпсалалы медициналық орталық. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша дуальды оқыту енгізілді, ШЖҚ «№2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы» МКК, ШЖҚ «№8 қалалық емхана» МКК, ШЖҚ «№5 Қалалық емхана» МКК-мен меморандумдар жасалды. Студенттердің тәжірибені ұйымдастыруға қанағаттануы-99,5%.

ССК критерийлер бойынша қорытындылары. 15 стандарттан: толық - 14, айтарлықтай-1, ішінара – 0 стандарт сәйкес келеді, сәйкес келмейді-0.

2-стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту бойынша ұсыныстар:

1) білім беру процесінің барлық деңгейлерінде кәсіби құзыреттіліктерді игеру бойынша тәжірибеге бағдарланған жұмысты күшейту (2.2.4);

- 2) дуалды білім беруді енгізу бойынша жұмысты кеңейту (2.5.2);
- 3) білім беру бағдарламаларына ғылыми әдістеме негіздерінің элементтерін зерттеуді қосу.

3-стандарт: БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ

Сәйкестіктің дәлелі:

Құжаттар: бірінші курсқа арналған нұсқаулық, пәндер бойынша чек-парақтар, пәндер бойынша силлабустар, жиынтық тізілімдемелер, АА емтихан тізілімдемелері, сынақ кітапшалары, теориялық сабақтар журналдары, жұмыс берушілердің түлектерді даярлау сапасына қанағаттану сауалнамасы, БӨМ, ҚА хаттамалары, 2021 жылғы ҚА емтихан тізілімдемелері, 2021 жылғы дипломдық жұмысты қорғау хаттамалары.

3.1 Бағалау әдістері

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүзеге асырылады. Білім алушыларды бағалау жүйесі туралы ақпараттандыру колледжде оқу жылының басынан бастап және әрбір модульдің басында силлабустар арқылы, сондай-ақ оқытушылармен, кураторлармен, бөлім меңгерушілерімен, ақпараттық стендтер арқылы кеңес беру арқылы басталады. Колледжде қолданыстағы бағалау жүйесі ұсынылған. Білім алушылар ағымдағы, аралық аттестаттауда, сараланған есепте, ҚА өткізу кезеңдерінде бағалау критерийлері туралы хабардар етіледі. Үш жыл ішінде үлгерім көрсеткіші 100% құрайды. ҚА практикалық денсаулық сақтау мамандары қатарынан тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен өткізіледі. ҚА 2021 жылы барлық мамандықтар бойынша 232 студент (ТЖКБ) және қолданбалы бакалавриат БББ 32 студенті сәтті өтті. ҚА нәтижелері бойынша 2018 жылдан бастап 2021 жылға қарай үлгерім сапасының 89% - дан 95,9% - ға дейінгі оң динамикасы байқалады. 2018-2021 ж. ж. ОӨП және КП нәтижелерінің мониторинг қорытындысы бойынша білім сапасының көрсеткіштері 88% - дан 98% - ға дейін өсті. Түлектердің дайындық деңгейіне тұтынушылардың қанағаттануы-79%.

3.2 Бағалау мен оқыту арасындағы өзара байланыс

Білім алушылардың кәсіби даярлық деңгейіне мониторинг оқу симуляциялық кабинеттерінде, зертханаларда, симуляциялық орталықта жүзеге асырылады. Білім алушыларды оқу практикаларында аттестаттау әр сабақта жүргізіледі. Оқытушылар бақылаудың әртүрлі түрлері мен формаларын, ауызша сауалнама, тест тапсырмаларын, ситуациялық тапсырмаларды шешу, практикалық дағдыларды көрсетуді пайдаланады. ОҚКЕ (объективті құрылымдық клиникалық емтихан) енгізілді – бұл нақты жағдайға жақын студенттердің практикалық дағдыларын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Колледж білім алушылардың оқу жетістіктерін, білім, дағдыларды бағалауды қамтитын бағалау әдістері мен практикасын қолданады, оларды оқыту, білім беру әдістерімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен салыстыруға болады, бұл практикалық сабақтарға қатысу кезінде растауды тапты. Түлектер теориялық білім мен практикалық дағдылардың тұрақты жоғары нәтижелерін көрсетіп, елорданың медициналық ұйымдарына жұмысқа орналасуда. 5 жыл ішінде жұмысқа орналасу көрсеткіші оң динамикаға ие, бұл колледж түлектерінің еңбек нарығында сұранысын көрсетеді. 2020-2021 оқу жылының жұмысқа орналасуын талдау түлектердің 91,3%-ы жұмысқа орналастырылғанын және жұмыспен қамтылғанын, оның 1,1%-ы жоғары оқу орындарына түскенін көрсетеді. Колледждегі дайындық сапасы түлектерге еліміздің жоғары оқу орындарында да, шетелде де оқуын жалғастыруға мүмкіндік береді.

ССК-тің критерийлер бойынша қорытындылары 5 стандарттан: толық-5, айтарлықтай-0, ішінара-0 сәйкес келеді, сәйкес келмейді-0.

3-стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту бойынша ұсыныстар: жоқ

4-стандарт: БІЛІМ АЛУШЫЛАР

Сәйкестіктің дәлелі:

Құжаттар: талапкерлерден өтініштерді қабылдау журналы, қабылдау комиссиясының жұмысы туралы есеп, 2021-2022 оқу жылына талапкерлерді қабылдау туралы бұйрықтар,

оқудан шығару туралы бұйрықтар, педагогикалық кеңестің хаттамалары, бюджетке ауыстыру туралы бұйрықтар, студенттердің 2020-2021 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары, педагог пен студенттің ар-намыс кодексі, жұмысқа орналасу туралы МҰ анықтамалары, стипендиялық комиссиялар, білім алушылардың жеке істері, «Platonus» ААЖ, волонтерлік және пікірсайыс клубтарының жұмыс жоспары, дипломдар, студенттердің грамоталары, әлеуметтік желілерді зерделеу.

4.1 Қабылдау және іріктеу саясаты

Колледжде студенттер контингентін қалыптастыру саясаты мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде және мамандықты саналы түрде таңдаған және ҰБТ және КТ, түсу емтихандарының нәтижелері бойынша 2020-2021 жылдары міндетті және бейіндік пәндер бойынша жиынтық балл негізде қажетті балл жинаған тұлғаларды ақылы негізде қабылдаумен, сондай-ақ ҚР қолданыстағы нормативтік актілеріне және СМК құжатталған рәсіміне сәйкес ауыстыру және қалпына келтірумен негізделеді.

Колледжде ауысу саясаты ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 «Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау «мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 22.05.2020 № 218 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады, оған 13.04.2021 ж. №161 бұйрықпен өзгерістер енгізілді. Білім алушыларды ауыстыру бір оқу орнынан екіншісіне, оның ішінде мемлекеттік тапсырыстан мемлекеттік тапсырысқа, бір мамандықтан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға немесе бір оқу нысанынан екіншісіне ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Растайтын құжаттар ұсынылды (28.06.2019 жылғы №438 бұйрық, 28.06.2019 жылғы №437 бұйрық, 28.06.2019 жылғы №432 бұйрық, 24.01.2020 ж. №68 бұйрық, 24.01.2019 ж. №55 бұйрық және т. б.). Колледжге оқуға түсетін тұлғалар кәсіби жарамдылығын анықтау мақсатында психометриялық тестілеуден өтеді, бұл студенттермен сұхбат қорытындыларымен және құжатталған рәсімдермен расталады.

4.2 Білім алушыларды қабылдау

Колледжге білім алушыларды қабылдау контингенті колледждің адами, материалдық-техникалық ресурстарына және оқу әлеуетіне сәйкес келеді: жеткілікті аудиториялық қор, кітап қоры, ақпараттық ресурстар бар. Колледж Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, МҰ - на тікелей сұрау салу жолымен елорда МҰ қажеттіліктеріне мониторинг жүргізеді. Жұмыс берушілердің сұхбаттарының нәтижелері бойынша бүгінгі таңда «Жалпы практика мейіргері», «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» және «Акушерка» біліктілігі бар мейіргер ісі мамандарына үлкен қажеттілік бар. Осыған байланысты, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігімен МҰ қажеттіліктерін ескере отырып, 250 орынға 2021-2022 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырыс жоспары бекітілді. 2020 жылы 1 курсқа қабылдау 450 адамды құрады, 2021 жылы қабылдау 476 адамды құрады. 2021-2022 оқу жылына студенттер контингенті – 1131 адамды құрайды, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша – 714 студент (63,1%), коммерциялық негізде – 417 адам (36,9%). Оның ішінде мемлекеттік тілде 851 студент (75,2%), орыс тілінде – 280 адам (24,7%), шетелдіктер 14 (1,2%), жетімдер – 8 (0,7%), мүгедектер - 29 (2,6%), көп балалы және аз қамтылған отбасылардан – 319 адам (28,2%) білім алуға.

4.3 Білім алушыларға кеңес беру және қолдау көрсету

Білім алушыларға, оның ішінде әлеуметтік осал санаттарға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетіледі. 1 курс білім алушыларының психологиялық денсаулығын сақтау үшін 1-ші курсты бейімдеу бағдарламасы әзірленді. «Білім алушыларды әлеуметтік қолдау туралы ереже» әзірленді. Ақылы негізде оқитын студенттерге оқу ақысы бойынша 100%, 30%, 10% мөлшерінде жеңілдік түрінде әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Педагогикалық кеңестің шешімімен оқу ақысы 100% - ға төмендетілді - 1 студент (Ерғалиева Айжан, 119 сд, мүгедек, толық емес, көп балалы отбасынан шыққан), 30% - 6 студент, 15% - 1 студент, 10% - 4 студент (педагогикалық кеңестің 29.03.2019 ж., 27.11.2019 ж., 01.09.2020 ж., 26.11.2020 ж., 28.01.2021 ж., 31.08.2021 ж. хаттамасы, бұйрықтар).

Колледж студенттердің шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға жағдай жасайды (24 СҒЗЖ үйірмесі, еріктілер қозғалысы, «Студенттік Парламент», «Жас

қауырсын» клубы, «Sanaly ұғрақ» клубы, «Jastar.KZ», «SOZ SERGERI» пікірсайыс клубы, «Шындық ұшқыны» пікірсайыс клубы).

Түлектерді жұмысқа орналастыру 2021 жылы 91,3 % құрады, ЖОО – ға-1,1% түсті, бұл жұмысқа орналасу орнынан анықтамалармен, колледждің сұрауы бойынша медициналық ұйымдардан растаулармен, ЗТМО деректерімен расталады.

4.4. Білім алушылардың өкілдігі

Колледжде студенттердің білім беру процесін басқаруға қатысу құқықтарын іске асыру, студент жастардың өмірлік маңызды мәселелерін шешу, олардың әлеуметтік белсенділігін дамыту, әлеуметтік бастамаларды қолдау және іске асыру мақсатында студенттік өзін-өзі басқару жұмыс істейді және жан-жақты қызықты студенттік өмірді дамытуға бағытталған. Колледждің кеңесші органдары мен құрылымдық бөлімшелерінде білім алушылардың өкілдігін студенттік өзін-өзі басқарудың студенттік парламентінің мүшелері ұсынады.

ССК критерийлер бойынша қорытындылары. 14 стандарттан: толық - 13, айтарлықтай-1, ішінара-0 стандарт сәйкес келеді, сәйкес келмейді-0

4-стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту бойынша ұсыныстар:

1) аймақтың қажеттілігін ескере отырып, фармация, зертханалық диагностика және стоматология мамандықтары бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту (4.2.1);

2) курсанттардың (дәрігерлер, орта медицина қызметкерлері) үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларында қашықтықтан білім беру технологияларының элементтерін кеңірек қолдану.

5-стандарт: АКАДЕМИЯЛЫҚ ШТАТ/ ОҚЫТУШЫЛАР

Сәйкестіктің дәлелі:

Құжаттар: кадр саясаты, оқытушылардың жеке жоспарлары, оқытушылардың жеке істері, лауазымдық нұсқаулықтар, ПОҚ біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары, оқытушының табелі, сертификаттар, жарияланымдар, грамоталар мен дипломдар.

5.1 Кадрларды іріктеу және жалдау саясаты

Кадр саясаты. Оқытушыларды жұмысқа қабылдау директор бекіткен және Байқау Кеңесімен келісілген штаттық кестеге сәйкес ұсынылған түйіндеме негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте: білімі, жұмыс тәжірибесі, өтілі, біліктілік санаты ескеріледі.

Колледж білікті педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Оқытушылардың біліктілігі лицензиялық талаптарға сәйкес келеді. Педагог кадрлардың саны 92 адамды құрайды, оның ішінде штаттық кадрлар – 89 (96,7%), практикалық денсаулық сақтаудан сырттай оқитындар саны - 3 адам. Штаттық оқытушылар қатарынан медицина ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі – 2 (2,25%), жоғары және бірінші біліктілік санаттары – 36 (40,4%), зерттеуші-педагогтар – 3 (3,37%), сарапшы-педагогтар - 1 (1,13%), модератор-педагогтар-1 (1,13%), екінші санат – 13 (14,6%), магистрлер саны - 10 (11,2%), мейіргер ісі бакалаврлары – 19 (21,3%) құрайды.

5.2 Қызметкерлер мен оқытушыларды дамыту саясаты

Академиялық персонал білім берудің заманауи талаптарына сәйкес келеді. Колледждің кадрлық әлеуеті заманауи педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді меңгерген. Оқытушылар тәжірибемен алмасады, өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттырады, түрлі іс-шараларға: кәсіби конкурстар, ғылыми-практикалық конференциялар, олимпиадаларға қатысады, бұл сертификаттармен және жарияланымдармен расталады. Оқытушылар ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану мониторингі сауалнама арқылы тұтынушы – білім алушылардың пікірін зерделеу арқылы жүзеге асырылады. Оқытушыны дамытудың жеке жоспары, біліктілікті арттырудың перспективалық жоспары бар, 2017-2018 оқу жылында – 88, 2018-2019 оқу жылында-71, 2019-2020 оқу жылында-63, 2020-2021 оқу жылында-67 оқытушы біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Есепті кезеңде біліктілікті арттыру жоспарының орындалуы-100%.

ССК критерийлер бойынша қорытындылары. 4 стандарттан: толық-4, айтарлықтай-0, ішінара-стандарт сәйкес келеді, сәйкес келмейді-0.

5-стандарт: орындалды

Сыртқы сапар барысында анықталған жақсарту бойынша ұсыныстар:

1) магистр академиялық дәрежесімен ПОҚ тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру.

6-стандарт: БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Сәйкестіктің дәлелі:

Құжаттар: ынтымақтастық туралы шарттар, «Тәлімгерлерді даярлау бағдарламасы» бойынша оқудан өту туралы бұйрық, тәлімгерлік бойынша сертификаттар, «Platonus» ААЖ, жиынтық кітап, инвентарлық кітап, есепке алу карточкасының картотекасы, электрондық оқулықтар, «Кітапхана 3с3», «ХҚЭДО-Қазақстан» бағдарламасы: Actualis Медицина, Actualis білім беру, паспорттар (сертификаттар) жабдықтарды тексеру, дуальды оқыту туралы шарттар, кабинетті, зертхананы техникалық жарақтандыру. Өңірлік симуляциялық орталықпен біліктілікті арттыру бөлімшесі туралы ереже, БАБ-нің бір жылға арналған жұмыс жоспары, өткен жылдардағы есеп, курсанттар журналы, түлектердің дипломдық жұмыстары, халықаралық ынтымақтастық туралы шарттар, СҒЗЖ туралы бұйрық.

6.1 Материалдық-техникалық база

Колледжде студенттердің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін заманауи материалдық-техникалық ресурстар бар: колледжде оқу корпусы бар-ғимараттың жалпы ауданы 4927,4 ш. м. болатын 5 қабатты ғимарат, 100 отырғызу орнына арналған акт залы, 48 орынды буфет, жалпы ауданы 160 ш. м. кітапхана, (Интернетке және электронды каталогқа, оқу абонементіне, көркемдік абонементке, кітап қоймасына шығатын соңғы буындағы компьютерлермен жабдықталған 32 орынды оқу залы), медициналық пункт-1. Жатақхана бар, жалпы ауданы 2573,2 ш.м. құрайды.

6.2 Практикалық оқытуға арналған ресурстар

Практикалық және теориялық сабақтарға арналған 72 кабинет пен аудитория, оның ішінде 8 оқу зертханасы, өңірлік симуляциялық орталық, симуляциялық залдар – 2, акт залы – 1, конференцзал - 1, тренажер залы – 1, спорт алаңдары – 1 жұмыс істейді.

